

Республикалық ұланның қарыздары бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 сәуір N 418

Республикалық ұланның мердігерлік ұйымдарға жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындағаны үшін берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

республикалық бюджет пен Республикалық ұлан үшін жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындаған және республикалық бюджетке төлемдер бойынша берешегі бар мердігерлік ұйымдар арасында жалпы сомасы 7123872 (жеті миллион бір жүз жиырма үш мың сегіз жүз жетпіс екі) теңгеге қосымшаға сәйкес бір жолғы есептеу жүргізсін;

аталған соманы қосымшада көрсетілген мердігерлік ұйымдар орындаған жөндеу-құрылыс жұмыстары жөніндегі кредиторлық берешекті өтеуі үшін Республикалық ұланды қаржыландыру есебіне есептесін.

2. Республикалық ұлан қосымшада көрсетілген мердігерлік ұйымдар

орындаған жөндеу-құрылыс жұмыстары үшін кредиторлық берешекті, қаржыландыру кезінде, бюджеттен бөлінетін қаржы есебіне есептесін.

3. Қосымшада көрсетілген мердігерлік ұйымдар Республикалық ұланның дебиторлық берешегін республикалық бюджетке жасалатын төлемдер бойынша кредиторлық берешекті өтеуінің есебіне есептесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 10 сәуірдегі
N 418 қаулысына
қосымша

Республикалық бюджетке төлемдер бойынша берешегі
орындаған жөндеу-құрылыс жұмыстары үшін Республикалық
ұланның кредиторлық берешегін өтеу есебіне қабылданатын
мердігерлік ұйымдардың

Тізбесі

Рет	Салық төлеуші	Төлем түрлері бойынша республикалық
N	кәсіпорындардың атауы	бюджетке берешегінің сомасы\теңге

Қосымша	Заңды тұлға.	Экономиканы
құнға	лардан алына.	жаңғырту қоры
салынатын	тын табыс	бойынша
салық	салығы	
бойынша	бойынша	

- | | | | | |
|------------------------|------------|---|-----------|--|
| 1. "Алматыоблтяжстрой" | | | | |
| акционерлік қоғамы | | | | |
| а) "Қайнар" шағын | | | | |
| мемлекеттік кәсіпорны | 291642-00 | | | |
| 2. "Югсантехмонтаж" | | | | |
| акционерлік қоғамы | 2145053-00 | - | 109623-00 | |
| 3. "Құрылыс материалы" | | | | |
| акционерлік қоғамы | 2237799-00 | - | | |
| 4. "Алматыстройтранс" | | | | |
| акционерлік қоғамы | 2339755-00 | - | | |

Жиыны	6722607-00	291642-00	109623-00	
-------	------------	-----------	-----------	--

Жиыны	Салықтық есепке тіркелген
	орны

291642-00	Алматы облысы
	Энергетический поселкесі,
	Іле ауданы
2254676-00	Алматы қаласы
	Москва ауданы
2237799-00	Алматы қаласы
	Түркісіб ауданы
2339755-00	Алматы қаласы,
	Әуезов ауданы

7123872-00

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК